

Программа журналиста Хуршида Далиева «Огох булинг! Экрандаги олабужи» посвящена последствиям компьютерных игр, сводящих на «нет» живое общение между людьми, простые человеческие отношения, умение идти на компромисс, наблюдать окружающее своими глазами. Популярны сегодня у детей компьютерные игры Counter-Strike, Life-4, Alien Stars, содержанием которых являются жестокие, насильственные по характеру баталии, вызывают у них аутизм (стремление «уйти в себя», неспособность формировать эмоциональные отношения с окружающими), отстраненность от реального мира, нежелание решать насущные проблемы, безответственность, снижение способности к общению и т.п. Все это в совокупности нередко приводит к надлому организма ребенка как в физиологическом, так и в психологическом плане. Беспреданное мозговое перевозбуждение активизирует адрениновую систему, в результате нарушается деятельность сердечно-кровеносных сосудов и системы желудочно-кишечного тракта. Вследствие этого ребенок становится вспыльчивым, раздражительным, агрессивным. Таким образом, подросток, в организме которого в силу возраста и без того происходят сложные психофизиологические изменения, подвергается большей перегрузке и процесс его формирования заметно затрудняется.

Некоторые творческие работники, не осознающие в полной мере значения телевидения в наши дни, его бесспорного влияния на умы и сердца молодежи, превращают его в канал распространения

среди граждан неадекватной информации. Не утруждая себя изучением психологии аудитории, ее мотивов, интересов, потребностей, они выпускают на экран телепродукцию, иногда даже не удосужась толком отредактировать ее, подвергнуть анализу поднимаемые в передаче вопросы, и тем самым усугубляют психофизиологические и социальные проблемы молодежи. А ведь историей доказано, что в процессе политического и культурного развития телевидение как канал информационного обмена может стать эффективным средством воспитания, только выполняя прогрессивные, конструктивные функции.

Литература:

- 1 Современные проблемы аудиовизуальной журналистики. Сб. научных статей. - Ташкент: Научно-методический центр, 2008. - С. 65.
- 2 Каримов И. А. Юксак маънавият - энгилмас куч (Высокая духовность - непобедимая сила). - Ташкент: Маънавият, 2010. - С. 135.
- 3 Кузнецов Г.В., Цвик В.Л., Юровский А.Я. Телевизионная журналистика. - М.: Высшая школа, 2002. - С. 189.
- 4 Газиев Э.Г. Психология онтогенеза. - Ташкент: Ношир, 2010. - С. 201.
- 5 Постановление Президента Республики Узбекистан «О государственной Программе «Год гармонично развитого поколения». - Ташкент: Узбекистон, 2010.

Бул мақалада Ўзбекистан ўлттық теледидар және радиохабарындағы жастар мәселелері қарастырылған. Балаларға, жасөспірімдерге және жастарға арналған сериалдар, бағдарламаларды зерттеп, олардың психологиялық эффект әсерін көрсетеді. Жаңалықтардағы жасөспірімдер мәселелерінің мәлімдеме дәрежесін, білім беру және көңіл көтеретін бағдарламалардағы, кәсіби журналистердің және режиссер көмекшісінің рөлдері арнайы бағдарламаларды дайындау және дамыту тәсілдері жетілдірілген.

the trainee-researcher-competitor of chair «A body and broadcastings» faculty of journalism of NUUZ of M.Ulugbek This article studies the broadcasting of youth issues in The National Televisions and Radio Company of Uzbekistan. TV-shows, programs that are directed to children and teenagers and their effects to young people are researched. Ass well, the degree of analyzing youth issues in news, educational and entertainment programs, the role of the professional skills of journalist and stage manager in

Д. Баймолда

Қазақстандағы ақпараттық қауіпсіздік мәселесі:

бүгінгі жағдайы және даму болашағы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті, Қазақстан, Алматы қ.
УДК 070

Аңдатпа. XX ғасырдың басты құндылықтарының бірі ақпарат болып табылады. Ал осы ақпаратты таратуда телевидение, радио, газет, журналмен бірге интернеттің де үлес салмағы артып келеді. Бұл үрдістердің қоғамдық сананың қалыптасуы мен өзгерісіне тигізер әсері мол. Осы тұста азаматтардың ақпараттық сауатты болуы аса маңызды болып табылады.

Ақпараттық қауіпсіздік мәселесі.

Еліміз егемендік алған жиырма жыл көлемінде қоғам өмірінің барлық саласында қалыптасқан стереотиптер бұзылып, көптеген өзгерістер орын алғаны мәлім. Осындай өзгерістер жаңалық жаршысы болып табы-атын бұқаралық ақпарат құралдарында ерекше көрініс тапты. Бұған 70 жыл бойы үстемдік еткен Кеңестік цензураның алынып тасталуы, тәуелсіздікпен қатар қол жеткізілген шығармашылық еркіндік, нарық жағдайындағы баспасөз қызметіндегі жаңаша үрдіс, БАҚ түрлерінің көбеюіне байланысты ақпараттық кеңістіктегі бәсекенің күшеюі бір себеп болса, бұқаралық сананың жаңа деңгейге көтерілуі, аудиторияның бұқаралық ақпарат құралдарына қоятын талабының арта түсуі жалпы оқырман, тыңдарман, көрерменнің қабылдаушы ретіндегі талғамының да өсуі екінші себеп болды.

1990 жылдардың басында Қазақстанда небары 196 ақпарат құралы бар болған болса, бүгінде олардың саны 3 мыңға жеткен. Алайда осыншама БАҚ-тың 80 пайыздайы мемлекеттік емес көрінеді. Сол 80 пайыздай ақпарат құралдары ақпаратты Ресейден және оның мүддесіне орайластырылған үлгілерінен алып отыр. Елдегі телеарналардың 80 пайызы, тіркелген мерзімді басылымдардың 70 пайызы тек орыс тілінде ақпарат тарататындығын ескерсек, біз шетелдің ақпараттық «экспансиясы» астында қалып отырғанымыз шындық жағдай. Бүгінде қазақстандық телеарналар эфир-лік уақыттарының көбін бітпейтін көп се-риялы ресейлік, түркиялық не кореалық кино өнімдерімен толтыратын болды. Ресей Федерациясы 2000 жылы «Ақпараттық қауіп-сіздік доктринасын» бекітті. Осы 20 жыл ішінде Қазақстанда да мұндай доктрина жасалуы керек-ақ еді. Тіптен Қазақстанда ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін мемлекеттік және мақсаттық бағдарлама жасалмаған. Мәселен, ақпараттық қатынасты реттеуші АҚШ-та 500-ден астам, Ресейде 50-ден астам заң актілері жасалған. Ал Қазақстанда ақпараттық қауіпсіздік тұжырымдамасын қоспағанның өзінде, 1999 жылғы 15 наурызда

қабылданған «Мемлекеттік құпияларды сақтау туралы» жалғыз ғана заң бар.

Соңғы жылдары бұрынғы Кеңес одағы құрамында болған елдер арасынан Қазақстаннан басқа мемлекеттер ақпараттық қауіпсіздікке қатты мән бере бастады. Түркіменстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Грузия ресейлік газет-журналдардың жергілікті өкілдіктерін жауып, орыс теле, радиоарналарының ретран-сляциясына шек қойып жатыр. Мәселен, Украинада «Русское радио» жабылған. Балтық жағалауы елдерінде ресейлік телеарналар мүлдем көрсетпейді. Ал Ресейдің елшілігі орысша газетке қол жеткізе алмай отыр. Грузия Ресей ықпалынан біржола айырылып, ұлттық баспасөзінің дамуына мемлекеттік деңгейде жол ашып, орыс тілді ақпараттың таралу көлемін түбірімен қысқартқан. Сондай-ақ Украина ресейлік кабельдік арналардың да украин тілінде сөйлеуін талап етіп отыр. Тәжікстан болса, Ресейден таралатын арналарды түгелдей жауып тек орыс тілінде бір ғана телеарнаны қалдырып отыр. Оның телехабарларын тәжік тележурналистері өздері дайындайды екен.

Бүгінде Ресейдің ақпарат құралдарына тәуелді болып отырған - Армения, Қырғызстан және Қазақстан.

Кезінде көрермендер алғысына бөленген, сол арқылы олардың үмітін оятқан «31-ші» телеарна бар еді. Ресейдің «СТС» деген медиакомпаниясы 31-ші телеарнаны сатып алғаннан бері, бұл арна шетелдің мүддесіне толық қызмет істейтіндігін сіз бен бізге ашық түрде байқатып отыр.

Ресейдің өзінде ақпараттық қауіпсіздік туралы доктрина қабылданған. Онда қауіпсіздіктің объектілері ретінде тұлға - оның құқықтары мен бостандықтары, қоғам - оның материалдық және рухани құндылықтары, мемлекет - оның конституциялық құрылымы, егемендігі және аймақтықтұтастығы деп көрсетілген. Ақпараттық қауіпсіздік демекші, 1988 жылы 26 маусымда қабылданған «ҚР ұлттық қауіпсіздік туралы» 233-1

заңның 1-бабында бұл ұғымға мынадай түсінік берілген: «Ақпараттық қауіпсіздік - мемлекеттік ақпараттық ресурстардың, сон-дай-ақ, ақпараттық саладағы тұлғаның құқықтары мен қоғам мүддесінің қорғалу жағдайы». Одан әрі «ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету» туралы 22-баптың 3-тармағында былай делінген: «Мемлекеттік органдардың, меншік түріне қарамастан ұйымдар, лауазымды тұлғалар және азаматтар мына жағдайларды болдырмау үшін барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті: 1) Қазақстанның ақпараттық тәуелсіздікке түсуі; 2) басқа мемлекеттердің тарапынан ақпараттық экспансияның жасалуы; 3) ҚР Президентінің, Парламентінің, Үкіметінің және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін күштерді ақпараттық құрсауда қалдыру». Енді осы заңның 5-тармағының 2-тармақшасында: «шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін мазмұндағы баспасөз өнімдерін, теле және радиобағдарларын таратуға тыйым салынады», - делінген. Ақпараттық қауіпсіздік «Қазақстан-2030» стратегиялық құжаттың да дамудың басым бағыттарының бірі ретінде көрсетілген. Өкініштісі, бұл ұғымдардың бәрі қағаз бетінде ғана күшіне ие болып отыр. Жергілікті халыққа өз елінде болып жатқан оқиғалар жайында толыққанды ақпарат бере алмау - алдағы уақытта ұлттық қауіпсіздігімізге орасан зор нұқсан келтіруі мүмкін.

«Шетелден енген ақпараттық экспансияға төтеп беру үшін отандық журналистиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажет. Бұл мәселені ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасы аясында қарастыруды жөн санаймыз» деген еді бірде БАҚ алдында берген сұхбатында бұрынғы мәдениет және ақпарат министрі Ермұқамбет Ертісбаев. Ақпараты өзге тілге тәуелді елдің толыққанды тәуелсіздікке қол жеткізуі екіталай. Украина, Өзбекстан, Әзірбайжан, Балтық жағалауы елдері ресейлік ақпарат тасқынына тосқауыл қоя алды. Ал біздегі жағдай мүлдем басқаша.

Қазақстанның оңтүстік аймағының Сары-ағаш, Қазығұрт және Мақтаарал қатарлы бірқатар аудандарында «Тошкент ТВ», «Өзбек-стан-1», «Яшлар», «Өзбек-узТВ», «30-канал», «Спорт», «Марказ» секілді өзбек телеарналары күндіз-түні хабар таратады. Бұл телеарналар жергілікті қазақ көрермендеріне не айтып, нені насихаттап жатқанын зерттеп жатқан мемлекеттік органдар да, әлеуметтік

институттар да жоқтың қасы. Өкінішке орай, еліміздің солтүстік облыстарындағы жағдай да осыған ұқсас. Айырмашылығы - солтүстік шекараға таяу аудандар орыс мемлекетінің телеарналарын үзбей көретіндігі ғана. Мысалы, Қостанай облысының Мендіқара, Ұзынкөл, Қарабалық аудандарының тұрғындары қазақ телеарналарының орнына Ресейдің үш-төрт телеарнасын тамашалайды. Енді қазақ көрермендерінің «жүрегің жаулауға» қытай телеарналары да білек сыбана кіріскендей. Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарының өзінде кабельді арна арқылы Қытай мемлекеттік телеарнасы қазақ, ұйғыр және қытай тілдерінде хабар таратып жатыр. Бұл жағдай елдігімізге сын, халықтың сана-сезіміне әсер етіп, мемлекетіміздің саясаты мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге кері әсерін тигізуі мүмкін.

Кейбір деректерге қарағанда, мемлекеттік тілдегі мерзімді басылымдар мен телерадио хабарларына мемлекеттік тапсырыс жоқтың қасы көрінеді. Ал телерадио эфирлеріндегі қазақ тіліндегі бағдарламалардың үлес салмағы 30-40%-дың көлемінен асқан жоқ. Оның өзін аударма арқылы толтырып отыр. Бұған қарайтын болсақ, үкіметтің телерадиобағдарламалар мен телерадиобағдарламалар үшін 50x50 принципі іске аспай жатқаны белгілі. Ақпараттық кеңістікте интернет рөлінің өсуімен адамның және қоғамның құқықтары мен бостандықтарына зорлық жасау мен қатыгездікті насихаттайтын ақпараттан, оларға өтірік және жалған ақпаратты танудан, болашақ ұрпақтың мақсатты бағытталған теріс дүниетанымын қалыптастырудан қорғау қажеттілігі туындайды.

Бүгінгі күні еліміздің ақпараттық қауіпсіздік мәселесі кімді де болсын ойландырарлық жағдайда екені түсінікті болып отыр. Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мұндай олқылықтар ұлттың тұтастығына, келешегіне түскен сызатпен тең екенін естен шығармағанымыз жөн секілді. Ақпараттық қауіпсіздік Қазақстанның осы саладағы ұлттық мүддесін қорғау дегенмен тең екенін ескерсек, ақпараттық қауіпсіздігімізді ашық түрде, жан-жақты қорғайтын күн келген тәрізді.

Әдебиеттер:

- 1 Сәрсенбаев А.С. Информационная безопасность Казахстана // Саясат. - 1999. - №6. - 3538 б.

- 2 *Ибраева Г.Ж.* СМИ и информационная безопасность: прогнозы и реалии // Вестник КазНУ, Серия Журналистики. - 2002. - №2. - С. 10-14 б.
- 3 *Шершенов Л.И.* Информационная безопасность России. - Москва, 1993. - 49-50 б.
- 4 Концепция информационной безопасности РК «Проект 1999».

В статье анализируются сегодняшняя ситуация и будущее развитие информационной безопасности страны.

In this article today's situation and future development of the information security of the Kazakhstan is analyzed.